



"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 28 қараша N 1770

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы"

Z990451_

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Z990451_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 771-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

18-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Бұқаралық ақпарат құралдарының немесе олардың өкілдерінің өтініштерін мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдар олар түскен күннен бастап бір айдан

кешіктірмей, ал қосымша зерделеуді және тексеруді талап етпейтіндерін 15 күннен кешіктірмей қарауға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан қойылған мәселелерді шешу олардың құзыретіне кірмейтін мемлекеттік органдарға немесе өзге де ұйымдарға өтініштер түскен жағдайда осы өтініш 5 күннен кешіктірілмей, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарына хабарланып, тиісті органдарға жіберілуі тиіс".

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.